

Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республкасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 8 тамыздағы N 221-ө
Өкімі

Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Ертісбаев	- Қазақстан Республикасының
Ермұхамет Қабиденұлы	Мәдениет және ақпарат
министрі, жетекші	
Әлиев	- Қазақстан Республикасының
Арыстанбек Мұхамедиұлы	Мәдениет және ақпарат
орынбасары	вице-министрі, жетекшінің
Шәймерден	- Қазақстан Республикасы
Ербол Шәймерденұлы	Мәдениет және ақпарат
директоры, хатшы	министрлігі Тарихи-мәдени
Әбдірахманов	мұра департаментінің
Қайрат Құдайбергенұлы	- Қазақстан Республикасы
орынбасары	Сыртқы істер министрінің
Смайылов	- Қазақстан Республикасының
Әлихан Асханұлы	Қаржы вице-министрі
Палымбетов	- Қазақстан Республикасының
Болат Әбілқасымұлы	Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі	
Әзімова	- Қазақстан Республикасы
Эльвира Әбілқасымқызы	Әділет министрлігі Заңға

т ә у е л д і а к т і л е р

департаментінің директоры

Тұяқбаев

- "Қазқайтажаңарту"

Қанат Қымызұлы

республикалық мемлекеттік

кәсіпорнының директоры

Самир Дерех

- Қазақстан Республикасындағы

Сирия диаспорасының

басшысы, сәулетші

2. Жұмыс тобы 2006 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде Дамаск қаласына (Сирия Араб Республикасы) этномәдени орталығы мен әл-Фараби кесенесін салу Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласындағы (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру және Дамаск қаласында (Сирия Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыс пен әл-Фарабиге монумент ескерткіштерін орнату жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын дайындасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Премьер-Министр